ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
«АЛТЫН ГЛОБУС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІ
ДАМЫТУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК,
ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ

ALTYN GLOBUS

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОРОД АЛМАТЫ
МЕЖДУНАРОДНАЯ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКАЯ,
НАУЧНО-ИННОВАЦИОННАЯ АКАДЕМИЯ
РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ,
НАУКИ И КУЛЬТУРЫ «АЛТЫН ГЛОБУС»

050027 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы, Ақжар ы-а,
БСТК Малинка №9
Тел: +77751409988, +77029812964
e-mail: altynglobus.academy@gmail.com

050027 г.Алматы, Наурызбайский р-н, мкр. Акжар,
ПКСТ Малинка №9
Тел: +77751409988, +77029812964
e-mail: altynglobus.academy@gmail.com

***Шығыс хат №1-1510/08-4***
***27 қаңтар 2021 жыл***

**ҚР Білім және Ғылым министрі**
**Аймағанбетов А.Қ. мырзаға**

**Аса құрметті Асхат Қанатұлы!**

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы қоры мен Мемлекеттік тілдерді дамыту қорының білім саласындағы арнайы сыйлығы мен стипендиясының иегері **«Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясының бастамасымен ҚР Білім және ғылым вице-министрі Ш.Каринованың 2019 жылдың 2 қазанындағы №3584-01-10661/13-12 хатына сәйкес** академияның жұмысын жемісті атқару үшін жергілікті атқарушы органдармен байланысты жандандыру мақсатында, Елбасының «Қазақстанның 100 жаңа есімі» бағдарламасын жүзеге асыруға үлес қосу үшін, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында болашағынан үміт күттіретін дарындылардың есімдерін кітап бетінде қалдырып, ынталандыру мақсатында 2020-2021 оқу жылына арналған **«ЕЛ ҮМІТІ» ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫН** жариялайды. Сонымен қатар тұңғыш рет электрондық энциклопедия форматында да әзірленеді.

Өтініштерді қабылдау 2021 жылдың ақпан айынан бастап **2021 жылдың сәуір айының 10 жұлдызына** дейін жалғасады. Осыған байланысты энциклопедия ережелерін білім ордаларындағы басшылардың назарына жеткізуді, сонымен қатар ақпараттық хаттың таратылғандығы жөнінде мәлімет беруіңізді сұраймын.

***Қосымша: 5 бет.***

**Академия директоры,**
**ҚР Журналистер Одағының,**
**ҚР Бас редакторлар клубының мүшесі** **А.С. Шүйіншәли**

№ 0017

*1-қосымша*

**БЕКІТЕМІН:**
**«АЛТЫН ГЛОБУС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТӨРАЙЫМЫ**
**_______________САПАРҒАЛИЕВА Н.С.**
**«27» қаңтар 2021ж.**

**БЕКІТЕМІН:**
**«АЛТЫН ГЛОБУС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ ДИРЕКТОРЫ**
**_______________ШҮИІНШӘЛИ А.С.**
**«27» қаңтар 2021ж.**

# «ЕЛ ҮМІТІ»
# ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында еліміздің болашағы жастарымызға деген үлкен үміт пен сенім артылып отыр. Биылғы Жолдауында да жастарды қолдайтындығын жариялап, 2019 жылды жастар жылы деп жариялады. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ету үшін ең алдымен біз біліммен қарулансақ, оқушыларымыз үш тілді еркін меңгеруінде екендігі айтылған. Жаңаша ойлау туралы білімді ұсыну мен өңдеу – инновациялық қоғам үшін аса маңызды екені анық. Білім саласындағы цифрлы технологияны дамыту да қолға алынып келеді. Бұл оқушылардың заманауи білім алуына, түрлі технологияны еркін меңгеруіне, ғылыммен айналысуына, жаңа идеяларын жүзеге асыруына үлкен мүмкіндіктер берері анық. Келешегіміздің шуақты болуы дарынды да талантты жастарымыздың қолында, сондықтан да жан-жақты дамыған, салауатты, білімді, функционалды сауатты ұрпақ тәрбиелеу, оларға қолдау көрсету-заман талабы. Осы мақсаттардың тұғырынан көріну үшін қазіргі білім ордалары мен мәдениет салаларында дарында, талантты балалармен, студенттермен жұмыс қолға алынып, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу жүзеге асырылуда. Осындай игі істердің бірегейі еліміздің барлық өңірлеріндегі дарынды, талантты балаларды насихаттау, оларға қолдау көрсету мақсатында шығарылғалы отырған дарынды оқушылардың, студенттердің **«ЕЛ ҮМІТІ» атты** республикалық дарынды балалар энциклопедиясының құндылығы зор. Энциклопедияға өнер, спорт, мәдениет, білім, ғылым саласындағы дарынды, талантты мектеп оқушылары, коллледж студенттері, университет студенттерінің жетістіктері енгізіліп, олардың қоғамға кеңінен танылуына жан-жақты жол ашылған.

Білім және мәдениет саласындағы үздік жобаларды жүзеге асырып келе жатқан «**Алтын глобус» Халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясының бастамасымен** тұңғыш рет жарық көргелі отырған бұл энциклопедия Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында айтылған міндеттерді жүзеге асыруға үлес қосу мақсатында, ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына байланысты еліміздің болашағынан үміт күттіретін дарындыларыдң есімдерін кітап бетінде қалдырып, ынталандыру мақсатында жарық көргелі отыр.

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯҒА ЕНУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі марапаттаулары мен жетістіктері;
- мекеме басшысының атынан ұсыныс хат;
- Өтініш парағы (үлгі соңғы қосымшада).
- Жетістіктерін растайтын құжаттар (егер ата-ана жеке ұсынатын болса) (диплом, мадақтама көшірмелері электронды түрде жіберіледі).

## ҚҰЖАТТАРДЫҢ ӘЗІРЛЕНУ ТӘРТІБІ

**Тапсырыста келесі мәліметтер болуы тиіс:**

- Мекеме басшысының ұсынысы (немесе жеке тұлғаның өтініші);
- Жеке төлқұжаттың көшірмесі (сканерленген);
- 3-4 суреттің электронды нұсқасы (JPEG форматта аты жөнімен қоса сақталуы тиіс);
- Жетістіктері туралы толық мәліметтер (соңғы қосымшада үлгі көрсетілген). Мәліметтер **Microsoft Office Word форматында, қаріп түрі Times New Roman × 12** болуы тиіс.

- Өтініштер сканерленіп жолданады. Мәліметтер **Word форматында жіберіледі.**

## ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Энциклопедияға ену **тегін.** Энциклопедияға ену үшін өтініштер **10.04.2021 жылға дейін** қабылданады. Мәліметтер қабылданатын электронды почта: **elumiti_e@mail.ru. Академияның электронды почтасы: altynglobus.academy@gmail.com**

**Жинаққа енген дарындылар үшін «Ел үміті» төсбелгісі, республикалық, халықаралық деңгейдегі жетістігі бар дарындылар үшін «Дарын» төсбелгісі сарапқа салынады. Жинаққа сараптама нәтижесі бойынша тегін енгізіледі.** Жинақты сатып алу құны **– 7000 тг.** Ұйымдастыру жарнасы- **19000 тг.** Ұйымдастыру жарнасының ішіне жинақ құны, қазпочтамен жеткізілу құны, төсбелгі, сертификат және грамоталардың құны кіреді.

**Төлемақы аударушылардың назарына:** Алдымен мекеме басшысынан немесе жеке тұлғадан ұсыныс келген соң, жұмыстар сарапталып, үміткердің кітапқа енгізілетіндігі туралы хат жолданғаннан кейін ғана төлем жасалады. Төлемақы Халық Банкі немесе Қазпочта арқылы жүзеге асырылады. Басқа банк бөлімшелерінің кассасынан төлем жасауға болады.

**Жинаққа енген дарындылардың өмірбаяндары тұңғыш рет әзірленіп жатқан электронды энциклопедияға енгізіледі. «Алтын глобус» Халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен энциклопедияға енгізілген дарындылардың ішінен *«100 ЖАҢА ЕСІМ»* анықталып арнайы марапаттаулар мен құрмет грамоталары табысталады. Энциклопедия 2021 жылдың мамыр-маусым айларында жарық көріп жеңімпаздарға жолданады. Арнайы дайындылардың жетістіктері мен суреті республикалық журналдың мұқабасына тегін жарияланатын болады.**

Жіберілген материалдың мәтініне жіберуші тарап жауапты. Әрбір мекемеден энциклопедия құжаттарына жауапты қызметкер тағайындалуы тиіс. Жауапты адам редакцияға материалдарды жіберумен қатар жарық көрген жинақтарды қабылдайды. Энциклопедияға 20-дан аса дарынды оқушылары(студенттері) еніп, энциклопедия алған оқушылардың мекеме басшыларына және жауапты қызметкерге, сонымен қатар энциклопедияның жарық көруіне үлес қосқан мамандарға арнайы құрмет грамоталары, алғыс хаттар, төсбелгілер тағайындалып марапатталады. Сонымен қатар сынып жетекшілеріне де алғыс хаттар тағайындалады. 30-дан аса оқушылары енген мектептерге **«Мерейлі мектеп»** номинациясы тағайындалып, мектеп директорына марапат жіберіледі. 20-дан аса оқушылары енген басқа да мекемелерге арнайы имидждік мақала жазылып, республикалық басылым беттеріне жарияланады. Сынып жетекшілеріне арнайы алғыс хат беріледі. Мекемеге энциклопедияның бір нұсқасы тарту етіледі(кітапты алған жағдайда).

**Біздің реквизит:**

**Банк атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ; БИК: HSBKKZKX**
**«Алтын глобус» Халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясы**
**БИН/ИИН: 151040022578**
**KZ396010131000249601-KZT**
**КБЕ-17. КНП-861.**

**Байланыс телефондары: +7775 140 99 88 (Whatsapp) +7702 981 29 64** немесе **elumiti_e@mail.ru** электронды почтасына хат жазу арқылы біле аласыздар.

*4-қосымша*

***ТІРКЕЛУ ФОРМАСЫ***

**«ЕЛ ҮМІТІ» ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ**

**АНКЕТА**

| | |
|---|---|
| Аты -жөні | |
| Оқу орны(облыс, қала, аудан, ауыл, мекен-жайы толық) | |
| Мекеме басшысының аты-жөні | |
| Мекеменің e-mail адресі | |
| Мекеменің байланыс телефоны | |
| Қатысушының байланыс телефоны | |
| Сынып жетекшісінің аты-жөні | |
| Сертификат, диплом (немесе жинақ) жіберілетін толық мекен-жайы(индекс міндетті түрде) және алушының аты-жөні | |
| Ұйымдастырушының аты-жөні, байланыс телефоны | |

*5-қосымша*

**«ЕЛ ҮМІТІ»**
Тәуелсіз Қазақстандағы дарынды балалардың
республикалық энциклопедиясының
бас редакторы, директор А.С.Шүиіншәли мырзаға

____________________________________
____________________________________

## Ұсыныс

**«ЕЛ ҮМІТІ» Тәуелсіз Қазақстандағы дарынды балалардың республикалық энциклопедиясының** талаптарына сай болған төмендегі мектеп оқушыларын(студенттерді) республикалық энциклопедияға енгізуді сұраймыз.

| Р/с | Аты-жөні: | Сыныбы(курсы): | Кітапқа; кітап+төсбелгіге (жанына жазылуы міндетті) |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |

**Ұсынылған оқушы(студент) саны:**

**Мекеме бойынша энциклопедияға жауапты:** *(аты-жөні, байланыс нөмірі)*

**Мекеме директоры:**

**МО**